

ҚазҰУ СТУДЕНТТЕРІ ӨЗ МӘСЕЛЕЛЕРІН ӨЗДЕРІ ШЕШЕДІ

Жаңа оқу жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кафедраларына жаңалық әкелді. Биылдан бастап факультеттегі кафедра меңгерушілерінің орынбасары деген қызме тағайындалып, факультеттің қала берді университеттің дамуына ерекше үлес қосу жүктелді. Осы орайда жаңа қызмет иегерлері қандай болу керектігін жан-жақты таразылаған жиын өтті.

КАФЕДРАНЫҢ ЖАҢА ҚЫРЫ

14 қыркүйек күні Тәрбие жұмысы жөніндегі департаменттің ұйымдастыруымен Ө. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы «Руханият» жастар орталығында факультеттердің оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі кафедра меңгерушілерінің орынбасарларына кафедралардағы тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысы бойынша семинар өтті.

Семинарды Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент директоры Гүлнәр Сәрсенбекова семинар қатысушыларын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің QS топ-университеттер рейтингінде 200 орынға жоғарылауымен құттықтаудан бастап, алда бұл еңбектің жандануына тілек білдірді.

Осы оқу жылында жаңадан тағайындалған кафедра меңгерушілерінің орынбасарларына тәрбие жұмысы департаментінің құрылымы, атқаратын істері таныстырылды. Әрбір бөлім қызметіне жеке тоқталып, қыркүйек айында жоспарланған іс-шаралар тізімі кафедра меңгерушілеріне беріліп оны алдағы уақытта бірлесе атқаруға шақырды.

Ең әуелі, кафедра меңгерушілерінің орынбасарлары төрт құжат бойынша, яғни, ҚазҰУ оқытушысы туралы ереже, ҚазҰУ оқытушылары мен қызметкерлерінің корпоративті мәдениет кодексі, ҚазҰУ студентінің ар-намыс кодексі, ҚазҰУ Студенті туралы ереже бойынша жұмыс істеуге келісіп, өз ортамыздағы қарым-қатынасты тек жақсартуды уәделесті.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 3-бетте)



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 13 жатақхана бар. Ол студенттік үйлер бес мыңдай білімгерді тұрғылықты жермен қамтамасыз етеді. Алайда көшбасшы университетті таңдаушылар жылдан-жылға артқан сайын жатақханаға мұқтаж жандардың саны да өсіп барады. Бұл күрделі мәселе еліміздің барлық жоғары оқу орындарына тән. Дегенмен, мұндай тығырықтан шығудың жолын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары ұсынып отыр. Олардың «Студенттерге тұрғын үй іздеуде көмек көрсетудің әлеуметтік желісі» атты жобасы кез-келген шәкіртті далада қалдырмайды.

студенттердің мәліметтер базасы түзіледі. Ол жерден әркім өзіне керек ақпаратты ала алатын болады. Жоба жұмысы факультет деңгейінде Студенттер мәслихатымен, ал университет деңгейінде Студенттер сенатымен үйлестіріліп отырады. Мұндай күрмеулі мәселеге Үкімет те, Білім және ғылым министрлігі де бей-жай қарамай, шешуін табар жол іздеп, студенттерді тұрғылықты мекенмен қамтамасыз етуде арнайы бағдарламалар жобасын жасады.

(Жалғасы 3-бетте)

Бұл жоба жатақханадан орын тимеген студенттерді далада қалдырмау мақсатында ойлап табылған тәсіл. Жоба авторы ҚазҰУ Студенттер сенаты. Жобаның мақсаты – жатақханадан орын жетпеген студенттерге қаладан пәтер жалдап тұруға қол ұсын беру. Бұл жоба екі бағытта жүзеге асырылады. Бірінші - пәтерді жалға берушілерді ауданға сәйкес бөліп, толық мәліметтер базасы жасалынады. Екіншіден, пәтер іздеуші

ИННОВАЦИЯ

ЯЗЫКОВАЯ МОБИЛИЗАЦИЯ

КазНУ им. аль-Фараби презентовал в Астане на Международной выставке «Digital Communication Kazakhstan 2011» проект по мобильному обучению языкам.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби совместно с Общественным образовательным фондом развития электронного образования, Международной компанией So To Speak AB, при поддержке компании Nokia реализует проект, нацеленный на повышение качества обучения иностранным языкам.

Проект основан на использовании мобильных телефонов для изучения иностранных языков по методу Хофсо.

(Продолжение на 2 стр.)

УНИВЕРСИТЕТ – ӨМІР МЕКТЕБІ

Кеше ғана мектепті бітірген түлектер бүгінде жоғары оқу орындарының студенттері. Студент – болашақ маман, яғни ел игілігі үшін әр салада қызмет етер тұлға. Білімгердің университетте өзін-өзі қалай ұстауы, қандай бағытпен жүруі болашақ қызметінде де сақталар мәдениет пен шығармашылыққа кепіл болары сөзсіз. Осы орайда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Тәрбие жұмысы жөніндегі департаменті бірінші курс білімгерлеріне арнап студенттің қандай болмақ керегінен толық хабар беру мақсатында жиналыс өткізді.

Жуырда биология және биотехнология факультетінің оқу залында бірінші курстың басын қосқан жиында университеттің оқу үдерісі, ішкі тыныс-тіршілігі жөнінде ақпарат берілді. Тіл саясаты және тәрбие жұмысы жөніндегі департамент директоры Гүлнәр Сәрсенбекова, Жастар ұйымдарымен жұмыс жөніндегі бөлім бастығы Данияр Сүндетбаев арнайы қатысып, жастар тарапынан туындаған сұрақтарға да жауап қатты.

Өткен оқу жылы барысында қара шаңырақ әлеуметтік жаңғыру жолында арнайы құжаттар қабылдаған болатын.

Олардың арасында студентке қатыстысы Қазақ ұлттық университетінің Студенті туралы ереже мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Студентінің ар-намыс кодексі. Жиналыс аясында осы құжаттар толық түсіндіріліп, студенттерге таныстырылды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті туралы ереже бойынша: студент мәртебесі, студенттердің міндеттері мен құқығы, ынталандыру және тәртіптік ықпал ету шаралары жайлы толық мағлұмат берілді.

(Жалғасы 3-бетте)



ТҰҢҒЫШ ЖАЛПЫУНИВЕРСИТЕТТІК «Тілдер» фестивалінің апталығы

19-27 қыркүйек аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде алғаш рет жалпыуниверситеттік «Тілдер» фестивалінің апталығы өткізіледі. Бірінші рет кең көлемде ұйымдастырылғалы отырған апталық 22 қыркүйек - Қазақстан халқының Тілдері күні мерекесіне арналып отыр.

Осы мереке аясында қара шаңырақта «Үштұғырлы тіл: бүгін мен болашағы» атты пікірталас, «Тілге құрмет – елге құрмет» прозалық және «Ана тілім ардағым» поэзиялық шығармалар байқауы ұйымдастырылады. Сонымен бірге шығыс, батыс, славян тілдерінде «Абай оқулары» өтіп, «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» тақырыбы аясында ұлттық-мәдени орталық өкілдерімен кездесу ұйымдастырылып, Тілдік клубтардың тұсауы кесіледі. Бірінші рет

университеттік деңгейде ұйымдастырылып отырған «Тілдер» фестивалі аясында аудармашылар клубының ашық мәжілісі, «Шығыс тілдерінің білгірі» байқауы да жүзеге аспақ. Университет қызметкерлері арасындағы «Мемлекеттік тіл – іскери тіл» атты байқау да осы апталық барысында өткізілмек. Шет тілді үйретуге орай ағылшын, неміс, француз, испан тілдерінің үздік білгірі анықталмақ. «Жас лингвистер» клубы ашылып, «Мемлекеттік тілдің ең үздік білгірі» олимпиадасы

қорытындыланады. Қазақстан халқының Тілдері күні университетте осылайша бірнеше іс-шараның жүзеге асуымен ерекшеленіп, мемлекеттік тіліміздің мерейін арттыруға арналып отыр.

Қазақ тілінің қадірін асыратын «Мемлекеттік тіл – менің тілім» флешмоб және «Қазақша сөйлесейік!» акциясы да, «Мен ҚазҰУ-дың студентімін» қазақша би кеші де осы алғашқы ұйымдастырылып отырған тілдер мерекесінде көрініс алмақ. Апталық «Тілдер» фестивалінің салтанатты жабылуымен қорытындыланды. Тілдер мерекесін тамашалаудан қапы қалмаңыз.

Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент

19 қыркүйек күні ректорат мәжілісі қалыптасқан дәстүр бойынша тарих, археология және этнология факультетінің профессоры Талас Омарбековке БЖҒМ-нің «ҚР білімі мен ғылымын дамытудағы зор еңбегі үшін» марапатын тапсыру салтанатымен басталды. Профессорды марапаттап, кеудесіне төсбелгі таққан ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов оны ұжымның атынан шын жүректен құттықтады.

Ректорат көп мәселе талқылады

Одан әрі ресми бөлімге ауысқан ректорат мәжілісінде ректор Ғалым Мұтанов, факультет декандары және ғылыми-зерттеу орталықтары механика-математика, химия, биология және биотехнология салалары бойынша үшжақты келісім-шарттарға қол қойды. Жаңа ғылыми жұмыстарды іске асыруға серпін беретін шарттар студенттердің тәжірибелік негізде ғылыммен тереңірек айналысуына мүмкіндік береді. «Білім, ғылым, өндіріс бірге болса, сіздермен бірлесіп қызмет етіп, жақсы маман даярлаймыз. Университетке келген ғылыми мамандарыңыз студенттермен емін-еркін қарым-қатынас орнатып, базалық білімді жетілдіруге үлкен жауапкершілікпен қарайды деп сенемін», - деді ректор Ғалым Мұтанов.

Бұдан басқа ректоратта Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Айгүл Ақтымбаева бакалавриат, магистратура мамандарын даярлау сапасы жөнінде баяндама жасады. Магистрлік диссертация мазмұнына қойылатын талаптар таныстырылып, 2008-2011 жылдар аралығындағы көрсеткіштерге есеп берілді. Магистрлік диссертация мазмұнын жақсартуға арналған іс-жоспарлар айтылып, магистранттардың ғылыми зерттеу орталықтарымен жұмыс жасау қажеттігі сөз болды. Осы негізде ҚазҰУ-дың зерттеу университетіне айналуындағы PhD докторанттардың диссертациялық жұмыстарының дайындалу барысы туралы ғылыми кадрларды аттестациялау бөлімінің бастығы Күлән Жақсыбекованың ақпараты тыңдалып, онда белгіленген диссертациялық кеңес төрағаларының тізімі айтылды. Докторант диссертациясына қойылатын талаптар нақтырақ талқыланып, оның міндетті түрде шетелдік ғылыми-зерттеу институттарында тәжірибе алмасуға баруын қамтамасыз ету және т.б. мәселелер көтерілді. Ал Ғылым және инновациялық қызмет жөніндегі департамент директоры Хайдар Тасибеков «Гранттық қаржыландыруға ұсынылған ғылыми және инновациялық жобалар жөнінде» арнайы сөз алып, 2011-2013 жылдарға арналған ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалар туралы сөз етті. Жалпы байқауға жаратылыстану ғылымдары бойынша - 246, әлеуметтік-гуманитарлық сала бойынша - 79 жоба ұсынылған.

Биыл университетте өз қызметкерлерінің ақылы түрде оқитын балаларына жеңілдік жасау жаңа жобасы да қолға алынған болатын. Оған қатысты Әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Жаманбалаева бірінші проректордың жетекшілігімен арнайы комиссия құрылғандығын айтып, осы бағытта жасалынған жеңілдіктер туралы жеткізді.

Еңлік АҚЖІГП

КОНФЕРЕНЦИЯ



Қылмыстық құқық негізін салушыға арналған ғылыми жиын

17 қыркүйекте әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінде «Қылмыстылықтың әлемдік және аумақтық тенденциялары және күресу стратегиясы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Бұл ғылыми басқосу ҚР Ғылым мен техникаға еңбегі сіңген қайраткері, заң ғылымдарының докторы, профессор Елеген Қайыржановты еске алуға арналды. Конференцияның ресми бөлімінде заң факультетінің деканы Дәулет Лайықұлы сөз алып, Елеген Қайыржановтың заң саласына қалдырған мұраларын, ғылымды дамытуға қосқан үлесін атап өтті.

Жиынға еліміздің әр өңіріндегі заңгерлер, ғалымдар және университет ғалымдары қатысты. Конференцияның пленарлық отырысында Елеген Қайыржановтың заң саласына сіңірген еңбектері айтылды. Баяндамашылардың бірі «Қазіргі кезеңдегі қылмыстық құқық және криминология ғылымдарының дамуы және профессор Е.І. Қайыржановқа сіңірген үлесі» деген зерттеуін талдаса, енді бірі «Е.І.Қайыржанов – қылмыстық құқық негізін салушы» деп дәлелдеп жатты. Конференцияда сонымен қатар, меншікке қарсы қылмыстардың әлемдік деңгейі, бухгалтерлік есепті жүргізу ережесін бұзудың түрлері мен оған ықпал ететін себептерді жою шаралары, бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстардың теориялық мәселелері, отандық қылмыстық құқық теориясындағы заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығының өзекті мәселелері сияқты бірнеше өзекті тақырыптар қозғалды.

Елеген Қайыржанов 150-ден астам ғылыми еңбектің, соның ішінде «Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы. Жалпы бөлім» оқулықтың 1997, 1998 жылдарда жарық көрген басылымының, «Қылмыстылық» жалпы бөлім (1995 және 2000 жыл) басылымдарының авторы. Сонымен қатар, кәмететтік жасқа толмағандар арасындағы қылмысты ескертуге байланысты, көше қылмысы, адвокаттық қорғау тактикасы, жеке мүлікті тонау сияқты салаларға байланысты жазылған 12 монографияның авторы. Бүгінде ол кісінің еңбектері әлі де зерттеу үстінде, қайраткердің бүгінгі ұрпаққа қалдырған еңбегі де өлшеусіз екендігі байқалды. Конференция барысында заң факультетінен Елеген Қайыржанов атына аудитория берілді.

Сагүл ӘЛІМБЕКОВА

ДӘРІС

МӘДЕНИЕТ - ҰЛТТЫҚ ДІЛДІ ТАЛУДАН БАСТАЛАДЫ

9 қыркүйекте әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінде дінтану және мәдениеттану кафедрасы ұжымының ұйымдастыруымен Әлеуметтік модернизация контекстіндегі Қазақстан Республикасының мәдениеттік саясаты тақырыбында Қазақстан Республикасы Мәдениет вице-министрі, философия ғылымдарының докторы, Телебаев Ғазиз Тұрысбекұлының көшбасшылық дәрісі өтті.

Лектор Мәдениет министрлігі қызметінің 3 бағытының бірі мәдени саясат мәселесіне тоқталып, аудитория тыңдаушыларын еліміздің мәдени жағдайымен таныстырып өтті. Олар Мәдениет министрлігі қызметінің көптеген жетістіктері, мәдениет саласындағы көптеген жаңалықтар туралы ақпарат алды. Министрлік қызметінің басты жұмыстарының бірі 41 республикалық және 8000 облыстық-мәдени ұйым қызметтерін үйлестіру, дамыту болып табылады. Бүгінде өзекті мәселелердің бірі болып табылатын Батыс кино туындыларының ел ұрпағына тигізетін әсеріне байланысты «Мәдениет туралы» Заңға өзгерістер енгізілгендігін атады. ҚР Мәдениет вице-министрі Қазақстанның кино, театр индустриясындағы көптеген жетістіктерге байланысты сандық көрсеткіштерін келтірді: 2010 жылы 78 фильм жобасы басталса (бұл көрсеткіш 2009 жылмен салыстырғанда 70 %-ға артық), театр саласында 2010 жылда 39 әртүрлі деңгейдегі 39 жаңа



қойылым жүзеге асқан. Оның ең ірісі дүниежүзілік атақты режиссер Борис Эйфманның «Красный Жизель» атты балетінің қойылуы болып табылады, бұл ҚР мәдениет және өнер тарихында үлкен шың болды.

Мәдени мұра мемлекеттік бағдарлама аясында қазақ елінің мәдени мұрасын жинақтау мақсатында шет мемлекеттерге Ресей, Қытай, Иран және т.б. елдерге ғылыми экспедициялар жіберілген. Сонымен қатар «Қазақтың 1000 әні», «Қазақтың 1000 күйі» атты ұлттық жобалар басталған. Осы орайда лектор: «Мәдениет саласының тетігі – өз елінің мәдени мұрасын танып білу» деп атады.

Дінтану және мәдениеттану кафедрасы

ИННОВАЦИЯ

ЯЗЫКОВАЯ МОБИЛИЗАЦИЯ

(Начало на 1 стр.)

На специальном семинаре с участием автора метода, директора компании So To Speak AB, полиглота Карла Хофсо, преподаватели КазНУ и других казахстанских вузов прошли теоретическую подготовку и получили практические навыки применения мобильного обучения.

На пресс-конференции, которая прошла 14 сентября в Астане в рамках презентации, заведующая кафедрой иностранных языков гуманитарных факультетов КазНУ им. аль-Фараби Асель Шаяхмет отметила, что инновационная методика Хофсо поможет студентам усвоить иностранный язык, чтобы участвовать в образовательных программах по академической мобильности. А будущи мобильными, они смогут приобрести знания и внести свой вклад в развитие страны, встречающей свой 20-летний юбилей независимости.

Реализация проекта – первый шаг в

создании в КазНУ центра инновационного обучения языкам, на базе которого будут внедряться самые передовые методы и технологии. Это станет важным элементом трансформации вуза в исследовательский университет.

В течение трех месяцев 200 студентов КазНУ им. аль-Фараби будут изучать английский язык по мобильной методике. В ходе всего периода обучения будет осуществляться мониторинг достижений обучающихся и авторский надзор. На основе собранных данных преподаватели университета внесут свои предложения для адаптации методики к учебным программам. Обобщенный опыт КазНУ по мобильному обучению будет доступен другим вузам страны.

«Казахстан с лингвистической точки зрения является уникальной страной, в которой Президент Нурсултан Назарбаев призвал каждого гражданина свободно владеть тремя языками: казахским, русским и английским, - говорит К.Хофсо. -

Важно отметить, что у наших курсов есть одна ключевая особенность: все они учат разговорному языку. За короткое время студенты учатся понимать иностранную разговорную речь и отвечать так же, как они говорят на своем родном языке».

По мнению главы Nokia в странах юга СНГ Карела Голуб - «с помощью мобильных телефонов Nokia любой желающий в Казахстане сможет начать изучение иностранных языков. - Этот проект является частью долгосрочной глобальной стратегии Nokia, направленной на дальнейшее распространение мобильных технологий и подключение к мобильному Интернету».

Международная выставка прошла в Астане с 14 по 16 сентября, в ней приняли участие крупные международные и казахстанские компании, работающие в сфере информационно-коммуникационных технологий.

Соб.кorr.

КАФЕДРАНЫҢ ЖАҢА ҚЫРЫ

(Басы 1-бетте)

Бүгінде ҚазҰУ оқытушыларының 60-65%-ын куратор-эдвайзерлер құрайды екен. Осы ретте Департамент директоры Гүлнар Сәрсенбекова куратор-эдвайзерлер кеңесі, куратор-эдвайзерлер мектебі туралы толық мәлімет беріп, әрбір кафедрадағы оқытушылар осы кеңес құрамында болуы шарт екенінен де хабардар етті. Куратор-эдвайзерлер мектебіне әдістемелік тұрғыдан жазғы және қысқы семинар өткізіліп тұратындығы жеткізілді.

Бүгінде халықаралық қатынастар факультетінде «Талейрон» және филология, әдебиеттану және әлім тілдері факультетінде «Тәржіман» студенттік клубтары өте жақсы жұмыс істеп келеді. Студенттер мәдениет қайраткерлерімен кездесулер ұйымдастырып, студенттер арасында пікір-сайыстар, әртүрлі байқаулар өткізіледі. Осы орайда кафедрадағы әр мамандықтың өз студенттік клубы құрылса деген ұсыныс жасалды.

Студенттік клубтар: қоғамдық-саяси, -тілдік, мәдени көпшілік, спорт клубтары және ғылыми-кәсіби болып жіктелген. Аталғандардан әсіресе, ғылыми-кәсіби бағытындағы клубпен кафедра байланысты нығайтып, әрі дамытудың жолдарын қарастырады. Бұл клубтың ережесі, жұмыс жоспары, өткізетін іс-шаралар тізімі, қатысушылар туралы мәлімет беріп, тіркелуі керек.

Студенттердің сабаққа қатысуы мен сырт келбетіне мән беру де куратор-эдвайзерлардың басты назарында. Механика-математика факультетінің басшылығы студенттердің сабаққа келгендегі киімдеріне ден қойып, киім үлгісінің этикадан ауытқымауын қадағалауды қолға алған екен. Бұл бастама өзге факультеттерге де жақсы ұсыныс болады деп сенеміз. Жоғары оқу орнында оқыған соң, мәдениет, этика мен эстетикалық тұрғыдан ҚазҰУ студенті атына лайық жүріс-тұрысты қалыптастыруды жақсы әдетке айналдырсақ, университетіміздегі студенттер келбеті де түзелер деген игі бастама қолға алынғалы отыр.

Әрбір кафедрадағы тәрбие жұмысын жақсарту мен белсенділікті арттыруға бағытталған бүгінгідей семинар ай сайын өтеп отыратын болады.

Еңлік АҚЖІГІТ

ҚазҰУ СТУДЕНТТЕРІ ӨЗ МӘСЕЛЕЛЕРІН ӨЗДЕРІ ШЕШЕДІ

(Басы 1-бетте)



Жобаны жүзеге асыру үшін пәтер іздеуші студенттер базасын жасау, олардың ата-аналарымен байланыс орнату, студенттерді курсына, келген аймағына, жынысына қарай іріктеп, біріктіру, пәтерлерді жалға берушілердің базасын жасау, пәтерлерді қаладағы аудандар бойынша іріктеу, делдалсыз пәтер берушілер тізімін қалыптастыру, пәтерді жалға берудің орташа құны және шаршы метрі бойынша іріктеу жұмыстары жасалынады. Бір сөзбен айтқанда пәтерді жалға іздеуші студент университеттегі Студенттер маслихатына хабарласады, бұл ұйым пәтерді жалға берушілермен әріптестік орнатады. Алдын ала мәлімет базасы факультет деңгейінде жасалынады. «Бұл жоба арқылы пәтер жалдауда студенттер делдалға ақша төлеуден арылып, Студенттер сенаты арқылы бірден пәтер жалдаушымен тілдеседі. Негізінен бұл жоба университеттің үш факультетінде, яғни физика, биология, химия факультеттерінде былтыр қолға алынған болатын. Бұл осы факультеттердегі студенттердің көптігінен және басым көпшілігінің әлеуметтік жағдайының төмендігінен. Ал быыл оны университеттің барлық факультетінің жұмыстарына енгізбекпіз. Яғни, жоғарыда аталып өткен факультеттердің жұмысы тиімділігін көрсеткеннен соң, жобаның мүмкіндігін басқа факультет студенттерінің де пайдаланғанын қаладық», - дейді әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Жастар

ұйымдарымен жұмыс жөніндегі бөлімнің жетекші маманы Сандуғаш Қартаева. Қазірдік өзінде осы жоба бойынша пәтерді жалға алған студенттер бар және олардың саны да әр факультетте әртүрлі. Ең көп пәтер алған студенттер аталған үш факультетте болып отыр. Өйткені, оларда бұл жұмыс жүйелі түрде атқарылып келе жатқандықтан ондағы студенттер де осыған жақсы дағдыланған. Дегенмен, география, философия және саясаттану сияқты факультеттерде де пәтер жалдау мәселесімен Студенттер маслихатына келулері жиі кездеседі. Бұл жұмыстың тиімділігі біріншіден, 1 курс студенттерінің

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

СТАРТОВАЛ ПРОЕКТ «ОТКРЫТАЯ КАФЕДРА»

Более 500 заявок поступило от желающих принять участие в проекте «Открытая кафедра», который стартовал в КазНУ. Стоит отметить, что конкурсанты продемонстрировали сильные языковые и профессиональные компетенции. При отборе также учитывался курс и степень обучения. В первый состав слушателей проекта «Открытая кафедра» вошли студенты старших курсов, магистранты и PhD докторанты.

Первая лекция прошла 17 сентября в Высшей Школе Экономики и Бизнеса, на которой прошла презентация «Введение в проект «Открытая кафедра», были вручены студенческие билеты проекта, состоялась встреча слушателей с преподавателями. Кроме того, с лекцией «Принципы менеджмента» перед студентами выступила менеджер по проектам компании «Шеврон» Диана Касымбаева. Слушатели получили ответы на такие вопросы: «Как

справиться со стрессом на работе? Какие личностные качества являются самыми необходимыми? Team Work? Проявлять ли инициативу или нет на рабочем месте? Как добиться расположения коллег?».

В рамках проекта все лекции проводятся на английском языке. «Открытая кафедра» продолжит свою работу, участников ждут интересные и полезные лекции.

Соб. корр.

ӨНЕГЕ

Университет – өмір мектебі

(Басы 1-бетте)

ҚазҰУ студентіне қатысты аталған екі құжаттың жекелеген баптары түсіндірілді. Ар-намыс кодексіне сәйкес, ҚазҰУ студенттері Қазақстан Республикасының Конституциясына, ҚазҰУ жарғысына, Ішкі тәртіп Ережесіне, Жатақханада тұру ережесіне және басқа да ҚазҰУ-дың нормативті актілеріне бағыну міндеттілігі айтылды. ҚазҰУ-дың ар-намыс кодексінің 5-бабына Гүлнар Әлібекқызы жеке тоқталып, 1 курс студенттеріне осы баптың маңыздылығын толықтай баяндады. Құжаттың бұл бабында: «ҚазҰУ студенті өзінің оқу міндеттерін қатаң орындайды, төмендегідей академиялық нормаларды бұзушылыққа жол бермейді: плагиат, алдау, шпаргалка пайдалану, білімді бақылаудың барлық деңгейлері мен түрлерімен өту барысында көшіру және бәреуден сұрау..., сабақтарды жібермеу және кешігу, оқу сабақтарына немесе олардың бір бөлігіне белгісіз себептермен қатыспау» деп көрсетілген.

Сонымен қатар жиын барысында студенттер өздерін қызықтыратын сұрақтар бойынша ҚазҰУ оқытушыларымен пікір алмасты. Түрлі мәселелер бойынша екі

жақтан да сұрақтар қойылып, нақты жауаптар берілді. Мәселен, Гүлнар Әлібекқызы тарапынан студенттерге Қазақ ұлттық университетінің тарихынан біршама сұрақ қойылды. Белсенді жауап беріп, пікір алмасуға қатысып отырған студенттерге арнайы кішігірім сыйлықтар тапсырылды. Бұл өз кезегінде білім ордасы тарихын танып, қадірлеп, бағалауға шақыратын шара болмақ.

Жанадан оқуға түсіп, студент атанып отырған жастарды алаңдататын мәселелер аясы кең болып шықты. Айталық, философия және саясаттану факультетінің 1-курс студенті оқу ғимаратының ҚазҰУ қалашығына көшу мүмкіндігі туралы сұрақ қойса, оған жауап ретінде департамент директоры Гүлнар Әлібекқызы ҚазҰУ қалашығында былтырғы оқу жылы 3 факультеттің жаңа ғимараттарға көшкендігі жайлы айтып, келешекте ҚазҰУ қалашығынан тыс оқу ғимараттарының қалашық территориясында шоғырланатынын жеткізді. Сонымен қатар, кездесуде студенттерді толғандырып жүрген кітапхана, жатақхана, оқу үдерісі, қоғамдық жұмыстарға қатысу шарттары секілді мәселелер туралы қызу пікір алмасты. Студенттерді толғандырып



жүрген мәселелерді айта келе, қазіргі таңда аса маңыздылығымен ерекшеленіп отырған дін мәселесі де жиналыстың өзекті талқылауының бір бөлігі болды. Дін жолына бет бұрған студенттер қазіргі қоғамда қайшылықтарға жиі ұшырап отыратын сұрақтар бойынша жауаптар ала алды.

Сондай-ақ, Гүлнар Әлібекқызы студенттер қатарына жанадан қабылданған білімгерлерге жақын арада өтетін іс-шаралар жайлы мағлұмат беріп кетті. Жиналыс соңында, 1 курс студенттеріне

оқытушылар жағы, студенттік шақтарын мәнді әрі мағыналы етіп өткізу керектігі жайлы айтып, ақ тілектерін білдірді.

Жоғарыда аталған құжаттарда көрсетілгендей әр студент ережеге бағынып, мәдениет пен әдептілікке бой алдырса, мемлекеттің болашақ мамандары елді өрге сүйрейтініне бүгіннен сеніммен қарауға болады деген сеніммен тарқастық.

Әсем КЕНЖЕБЕКОВА,
халықаралық қатынастар
факультетінің 3 курс студенті



ФМО: международное сотрудничество успешно продолжается

В новом учебном году факультет международных отношений (ФМО) продолжает активно развивать сотрудничество с давним и надежным партнером по проектной деятельности – Фондом им. Фридриха Эберта (Германия). В новом учебном году первым совместным мероприятием стал круглый стол на тему: «Актуальные проблемы мировой политики: германский взгляд».

в котором приняли участие представители ФМО. Актуально звучит обсуждаемая на факультете тема международно-правового лектория с немецким судьей доктором Гердом Велингом «Правовая система Казахстана и ЕС и методы борьбы с коррупцией: из опыта Германии и ЕС».

Вульф Лапинс - шеф-координатор Фонда им. Ф.Эберта по ЦА продолжил диалог о сотрудничестве приятным сюрпризом для всех собравшихся. Он передал открывающемуся «Центру германских исследований» книги, журналы, оргтехнику и аппаратуру, подчеркнув, что это не последний вклад в развитие взаимных отношений.

О Фонде им. Фридриха Эбер-



та, носящем имя первого демократически избранного президента Германии, подробно рассказала в своем выступлении Регина Шуберт. Ведущий референт Фонда и руководитель отделения «Центральная Азия и Кавказ» прибыла специально из Берлина для участия в данном мероприятии. Она остановилась на наиболее ярких страницах деятельности Фонда, и подчеркнула, что его международная деятельность направлена на содействие общественному и политическому образованию людей, через проекты и программы в более чем ста странах мира, развитие демократии и плюрализма, диалога между Западом и Востоком.

Исламский мир в политических

процессах, его трансформация и бурные события последнего полугодия и как 11 сентября повлияло на международную политику – вот некоторые вопросы, которые осветил крупный немецкий ученый, эксперт по Ближнему Востоку и странам исламского мира, профессор Марбургского и Базельского университетов Удо Штайнбах.

Во ходе встречи участники круглого стола получили возможность путем живого диалога обменяться мнениями, углубить знания по заявленной проблематике, расширить научные контакты и исследовательские интересы.

М.ГУБАЙДУЛЛИНА,
профессор ФМО

Подобным образом реализован проект, посвященный реализации Стратегии ЕС для ЦА с акцентом на «Казахстан, который оказался в фокусе Европы».

В мае текущего года в Гамбурге прошел недельный практический семинар: «Высшее образование, образовательная политика и университетский ландшафт Германии»,



Мероприятие прошло в преддверии десятой годовщины терактов 11 сентября в Нью-Йорке. В работе круглого стола приняли участие казахстанские и зарубежные ученые, эксперты, преподаватели, студенты, магистранты и докторанты ФМО, которые обсудили вопросы международных отношений и мировой политики, обеспечения мер безопасности и борьбы с терроризмом, в том числе с проекцией на центральноазиатский регион.

Открывая встречу декан ФМО К.Шакиров отметил, - «Факультет имеет тесные связи с Фондом с начала 1990-х годов. Наше сотрудничество стало хорошей площадкой для обмена мнениями и идеями, реализации проектов. Так, итогом проекта «Политическая трансформация в сравнительном контексте: опыт стран ЦА и Восточной Европы» стали большие международные конференции, академическая школа политологов-международников, серия семинаров, публикации и книги.

ЖОБА ■

Сергітуден сәттілік басталады

ҚазҰУ қалашығында студенттің әр күні енді таңғы сергіту сәтінен басталады. Жақында «Сұңқар» кәсіподағының ұйымдастыруымен өткен «Салауатты өмір салтын қолдаймыз» атты семинар-тренингте осы мәселе күн тәртібіне қойылды. Бұл семинар-тренинг те сағат таңғы 6-да дене жаттығуынан бастау алып, алдағы салауатты дәстүрге жол ашты.

жасау, жүгіру және тағы да басқа спорттық ойындармен ұласып, соңы топтық рухты қалыптастыратын семинармен жалғасты. Бұл игі бастама «Сұңқар» кәсіподағының мүшелері арасында ғана емес, алдағы уақытта ҚазҰУ-дың барлық студенттерін қамтитын дәстүрге айналмақ.

Айнұр РАКИШЕВА,
«Сұңқар» студенттер
кәсіподағының мүшесі

«Сұңқар» студенттік кәсіподағының төрайымы Әлия Қарақожаева: «Семинар кәсіподақ мүшелерінің командалық рухын арттыру көздеді. Бұл жиынның бір ерекшелігі таңнан басталуында. Ерте басталғанына

қарамастан кәсіподақ мүшелерінің барлығы толық жиналды. Бұдан студенттердің спортқа, денсаулыққа деген жауапкершілігін, салауатты өмірге деген шынайы талпынысын байқаймыз», - дейді.

Тренинг таңғы жаттығу

Жас тілшілер апталық тележарыстың жеңімпаздары

Қазан айының басында «Қазақстан» ұлттық телеарнасының «Мәдениет» атты қосымша арнасы ашылмақ. Бүгінде тұсауы ашылғалы отырған телеарна ұлттық мәдениетімізді жан-жақты насихаттайтын арнайы тележобаларды барынша жетілдіру үстінде. Тележобадан болашақ журналистер де қалыс қалмады.

Күні кеше ғана телеарнаның «Алтын көмбе» атты әдеби-зияткерлік сайысы өз шымылдығын түрді. Зияткерлік сайыстың жетекшісі Назгүл Сарыбаева сайыстың кітаптар сырын ашып, мәдениетімізді жандандыра түсетіндігін жеткізді. Апталық ойынға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ журналистика факультетінің 1-курс білімгерлері де қатысып, бақтарын сынады.

Талабымен табыстарға ұмтылған жас тілшілер әдеби-зияткерлік сайыстың 5 бірдей айналымынан сүрінбей өтті. Сайысқа «Жас өркен», «Жұлдыздар», «Өнер» атты үш топ қатысты. Аталған үш топтың екеуі журналистика факультетінің 1-курс студенттерінен құралған. Алғашқы айналымда олар алты ұяшықта берілген тапсырмалардың шешуін тапса, екінші айналымда атаулы бір шығармада берілген үзіндінің жұмбағын тапты. Ал, үшінші

айналымда олар бейнесауалға жауаптар беріп, келесі бөлімдегі құпия жәшіктің ішінде жасырылған затты, арнайы берілген шешендік сөз негізінде таба білді. Содан кейін, қатысушы үш топтың топ жетекшілері сенім артқан серіктерінің үмітін ақтауға алтын көмбе алдына жиналып, жүргізуші баяндаған шешендік сөздің мағынасын ашты. Нәтижесінде айқын басымдықпен журналистика факультетінің студенттері Бексұлтан Барат (топ басшысы) пен Айдос Әріпбаевтың қатысуымен болған «Жас өркен» тобы жеңістің жалауын желбіретті. Оларға «Атамұра» корпорациясының ұсынған бірнеше құнды кітаптары сыйға берілді.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,
журналистика факультеті
«Баспа ісі және дизайн»
кафедрасының 1-курс студенті

ЖОБА ■



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Редакторлар – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,
Еңлік АҚЖІГІТ
Талғат АХМЕТҚАЗЫ
Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000 дана.
Индексі 65989.
Тапсырыс №10561

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты